

# АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№7 (7896)

Жұма  
10 ақпан  
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



Жолдау мұраты – ел мүддесі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауы көңілден шығып, сенімді нығайтты. Президент келелі мәселелерге баса назар аударып, жетістікке жетуде мүмкіндігі жоғары, көпшіліктің көкейіндегі өзекті ойларды қозғады.

Жолдаудың жүгі тым салмақты. Президент әуелі экономикалық саясатқа басымдық беріп, осы бағытта

## Жолдау жүгі салмақты

атқарылуы тиіс шараларға тоқталды. Яғни, 2023 жылы жаңа Салық кодексі әзірленіп, соның аясында тек аса қымбат жылжымайтын мүлік және автокөлік сатып алған байларға салық салынбақ. Яғни, осы арқылы қазынаның қаржысы молайып, әлеуметтің әл-ауқаты артады. Сондай-ақ, жұртшылықты қуантқан тағы бір мәселе – әйелдердің зейнет жасының қысқаруы. Яғни, нәзікжандылар 2028 жылға дейін 61 жаста зейнет демалысына шыға алады.

Сонымен қатар, кәсіпкерлікке кең жол ашылмақ. Әсіресе, жас ұрпақтың өркениетке ілесуі үшін заманауи мектептерге мән беріліп, жағдай жасалатыны қуантты. Жастарға қолдау көрсету бұл жолғы басты құжаттан да тыс қалмады. 100 мыңдай жастардың жұмыспен қамтылатындығы күн тәртібінен түспейтіндігі көңілге қуаныш ұялатады.

Мемлекет басшысы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне де өзгеріс енгізу керектігін сөз етті. Енді соған сәйкес, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімі сәби біржарым жасқа толғанға дейін ұзартылады. Әлбетте, балалардың ең маңызды шағында ата-аналары жанында көбірек болуы аса маңызды. Мұны Президент те жете түсініп отыр. Бұл Жолдауда көтерілген мәселелердің бір парасы ғана. Жолдауда, бір сөзбен айтқанда, көптеген бастамалар көтеріліп, нақты міндеттер қойылды. Ал, сол міндеттерді іске асыру – баршамызға ортақ іс.

М.Қапасова,  
Қарабұлақ ауылдық округі.

## Халық үніне құлақ асатын мемлекет

# Алқалы топ – Ақтоғайда

Ағымдағы жылдың ақпан айының 9-шыны жұлдызында Қарағанды облысы әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары Б.Асанов және Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы басқарма басшысы А.Санаубаров Ақтоғай ауданына іссапармен келіп қайтты.



Б.Қоңырбайұлы бастаған алқалы топ, аудан шекарасына кірісімен бірден іске кірісті. Ел ағалары бірінші кезекте Кежек ауылдық округіндегі Сарыөзек елді мекенінде орналасқан «QAZAQ MAET», «Global Beef Products» ЖШС-не ат басын бұрып, аталмыш серіктестіктің шаруашылық барысымен танысты.

«Global Beef Products» ЖШС – ірі қара тұқымын асылдандыруға бет бұрған ауданымыздағы іргелі қожалықтардың бірегейі. Шаруашылықтың көздеген негізгі мақсаты – 2000 басқа дейін абердин ангус, ақбас асыл тұқымды репродукторын құру. Соңғы 4 жылда осынау серіктестік 400 млн. теңге көлемінде инвестиция тартып, 85 пайыз жоғары төл алу жетістіктеріне ие болған. Жалпы аумағы 10,9



мың га жерді алып жатқан серіктестік 100 га астам егістікке көпжылдық шөп өсіру және 300 га астам егістікке дөңді дақылдарды өсіруді қолға алып отыр.

Осындай ірі серіктестіктің қора-жайын аралап, мал-жанның жай-күйінен хабардар болған Б.Асқарұлы шаруа қожалығы иесінің пепілмей жатқан мәселелерінің мәніне қанық болып, назардан тыс қалмайтынын жеткізді.

Бұдан кейін атқамінер қауым Қызылжарай ауылдық округіндегі «Ерасыл» шаруа қожалығына табан тіреді. Соңғы 4-5 жылдың көлемінде ғана негізі қаланған шаруа қожалығы қазіргі уақытта маңайлас ауылдардағы бірнеше

адамды жұмыспен қамтып отыр. Күні бүгінге қазақы қарабайыр тұқымды ірі қара өсіріп келген шаруашылық, бұдан былай өулікөл асыл тұқымды сиыр малын көбейтуге ниетті. Сонымен қатар, ірі қара малды бордақылап, ағайынды етпен қамтамасыз етуде.

Түс ауған шақта Б.Асанов, А.Санаубаров және Р.Кенжебеков Сарытерек ауылында биыл ғана бой көтерген «Сарытерек SAG NS» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің жұмысымен танысты. Аталмыш жобаның құны 327 млн. теңгені құрайды. Ағымдағы жылдың мамыр айында жұмысын қолға алуға ниетті өндірістік кооператив күніне 5000 л қымыз, 75 000 келі ет өнімін өндіремекші. Осынау жоба неміс ғалымдарының іс-тәжірибесін басшылыққа алады. Сонымен қатар, кооператив Сарытерек ауылының 20-ға жуық тұрғынын жұмыспен қамтымақшы. Ауданымызда бұрын-соңды болмаған тың жобаның жай-жапсарымен

таныс болған облыс әкімінің орынбасары Б.Қоңырбайұлы аталмыш жобаны облыс дәрежесінде қолдайтынын және Сарытерек ауылын биыл жарық көрген пилоттық жобаға енгізетінін айтты.

Осылайша ауданымыздағы бірнеше ауыл шаруашылығы нысандарын аралаған алқалы топ, соңын ала Ақтоғай ауданы әкімдігінің мәжіліс залында үлкен жиын өткізді. Шараны аудан әкімі Р.Кенжебеков ашып, сөз тізгінін Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Б.Асановқа берді. Сонымен қатар, облыстық ауыл шаруашылығы басқарма басшысы А.Санаубаров және «ҚазАгро» несие серіктестігінің Қарағанды облысы филиалының басшысы мінберге пығып, қазіргі

уақытта жиі талқыға түсіп жүрген 2,5 пайыздық жеңілдетілген несиенен шаруашылық бастап, өз-өзіміз жұмыспен қамтамасыз етеміз деген, немесе бұрыннан бар шаруашылығының өрісін кеңейтеміз деген азаматтарға Үкімет тарапынан көрсетілетін жеңілдіктер жөнінде сөз қозғады. Жылғы қатысушы шаруа қожалығы жетекшілері мен аудан тұрғындары өздерін толғандырған көкейтесті сауалдарын жолдап, тиісінше сала басшыларынан мардымды жауап алды.

Е.АЙТЖАН.

# Ақтоғай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2022 жыл бойынша қорытындылары және алда тұрған міндеттер туралы

*Аудан әкімі Р.Кенжебековтің есебі*



*Құрметті аудан тұрғындары!*

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы еліміздің болашақ дамуы мен алға басуымыздың бес бағдарын және оны жүзеге асырудың жолдарын айқындап берді.

Еліміздің жаңа даму бағдарын айқындайтын экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жұмыстар мемлекет басшысының бағдарламалары мен облыс әкімдігінің тапсырмалары аясында жүргізілуде.

Осы орайда аудан көлемінде атқарылған жұмыстар туралы баяндауға рұқсат етіңіздер.

Экономикалық-әлеуметтік көрсеткіштерге келсек, жалпы есепті мерзімнің қорытындысы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақты динамикасының сақталып отырғанын көрсетеді.

Жыл басынан негізгі қорға тартылған ИНВЕСТИЦИЯ көлемі 19 млрд. 736 млн. теңгені құрады:

- «Алтыналмас АҚ» АҚ-ның 5188,0 млн. теңге немесе жалпы көлемнен 26,3%;
- машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алуға кеткен шығындар – 3880,3 млн. теңге;
- тұрғын және тұрғын емес ғимараттар мен ғимараттарды салу – 455,4 млн. теңге;
- құрылыс-монтаж жұмыстарына шығындар – 852,3 млн. теңге;
- «Қазавтожол» Ұлттық компаниясы – 6564,3 млн. теңге немесе жалпы көлемнен 33,3%;
- құрылыс-монтаждау жұмыстарына кеткен шығындар – 6564,3 млн. теңге;
- «Корпорация Ирказ Металл» ЖШС-ның 7314,7 млн. теңге немесе жалпы көлемнен 37,1%;
- машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алуға кеткен шығындар – 2226,0 млн. теңге;
- тұрғын және тұрғын емес ғимараттар мен ғимараттарды салу – 673,4 млн. теңге;
- құрылыс-монтаж жұмыстарына шығындар – 4415,3 млн. теңге;
- ауыл шаруашылығы – 561,4 млн. теңге немесе жалпы көлемнен 2,8%;

40 шаруа қожалығы 85 ауыл шаруашылығы техникаларын 412 млн. теңгеге сатып алған; 149,4 млн. теңгеге асыл тұқымды 374 ірі қара, 44 ұсақ малды сатып алғаны үшін; – өзге де қызметтер түрлерінен – 107,6 млн. теңге немесе жалпы көлемнен 1,1%;

Қошқар клуб үйін күрделі жөндеу – 46,9 млн. теңге; Ә.Бөкейхан, Сарышаған мектептеріне және аудандық мәдениет үйіне шағын автобус алу шығындары – 49,1 млн. теңге және т.б.

Аудан экономикасын дамытудың басты көзі болып табылатын өнеркәсіп кәсіпорындары 2022 жылы 176 млрд.

641,5 млн. теңгенің өнімдерін өндірді.

Өнеркәсіп кәсіпорындарынан аудандық бюджетке түскен түсім 2 млрд. 561,4 млн. теңгені құрады, жалпы бюджетке түскен түсімдердің 66,6%-ы.

Ауданға инвестиция тарту, тау-кен өндірісін дамыту бағытында бірқатар ауқымды шаралар атқарылуда.

2022 жылдың қараша айында «Ирказ Металл Корпорациясы» ЖШС «Борлы» кен орнында катодты мыс өндіретін гидрометаллургиялық зауыты іске қосылды (жалпы құны – 9 млрд. теңге). Алдағы уақытта 140 адамды жаңа жұмыспен қамту жоспарлануда.

### Шағын және орта бизнес

Мемлекет тарапынан шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мейлінше көңіл бөліп жатқаны баршамызға мәлім. Мемлекеттік бағдарламалар, облыс және аудан әкімінің кәсіпкерлерді қолдау гранттары арқылы шағын бизнес өкілдеріне жан-жақты қолдау көрсету жалғасуда.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1678-ға жетті, сөйкес мерзіммен салыстырғанда (1457 – 15,2%) артқан.

2022 жылы жаңадан 12 кәсіпкерлік нысан ашылып, 31 адам жұмыспен қамтылды. Кәсіпкерлер тарапынан жұмсалған қаржы 40 млн. 450 мың теңгені құрады.

Сонымен қатар, 1 кәсіпкер «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 5 млн. теңгеге және аудан әкімінің грантын 13 жас кәсіпкер жалпы 7 млн. теңге грант иегері атанды.

Алдағы уақытта да аудандағы кәсіпкерлік ісіне жан-жақты жағдайлар жасай отырып, оны одан әрі дамыту жалғаса бермек.

Ауыл шаруашылығы – өңірді дамыту үшін аса маңызды сала, біздің экономикамыздың басым бағыттарының бірі. Мал шаруашылығы саласында да мал басы мен одан алынатын өнімдердің көлемінде өсім бар.

Ауыл шаруашылығының жалпы өндіріс өнімі 30 млрд. 372,8 млн. теңгені құрады. Сөйкес мерзіммен салыстырғанда (26051 млн. теңге) 116,6%.

Үкіметтің қолдауымен ауыл шаруашылығы саласын дамыту мақсатында өртүрлі мемлекеттік бағдарламалар өз жемісін беруде. Нәтижесінде, өткен жылдың сөйкес мерзімімен салыстырғанда ет өндіру көлемі – 11 946,3 тонна (6,4%), сүт өндіру – 38 725,3 тонна (6,5%), тауық жұмыртқасы 2 515,9 мың дана (0,3%) орындалды, өткен жылдың сөйкес мерзімімен салыстырғанда мал шаруашылығында да тұрақты өсім бар, ірі қара малы – 67 184 бас 7,7 пайызға, қой мен ешкі 116 808 бас 6,4 пайызға, жылқы 40 058 бас 6,2 пайызға, құс 23 425 бас 3,3 пайызға артқан.

### Мал шаруашылығын дамыту жобалары

Аудан бойынша облыстық индустриалдық картаға енген жобалар бойынша жұмыс жүргізілуде:

1. «QAZAQ STEP SHEP» ЖШС еттік бағытта қой шаруашылығын дамыту, (жоба құны – 7 млрд. теңге); жалпы мал басы 3 500 басты құрайды. Жоба бойынша Ақтоғай ауданындағы жерге 9 мал шаруашылығы фермасы салынып, 7 ұңғыма құдық қазылды, шопандар тұратын үйлер сатып алынды.

2. «Global Beef Products» ЖШС 2 мың бас асыл тұқымды ангус, герафорд ірі қара малын өсіру (жоба құны – 550 млн. теңге). Шаруашылықта бүгінгі күні 701 бас асыл тұқымды абердин ангус ірі қара малы өсірілуде. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша жылма-жыл бордақылау алаңдарына ет өткізіп отыр.

3. «Қарашоқы» шаруа қожалығы базасында 8000 бас ауыл шаруашылығы жануарларына арналған сою және консервіленген ет өнімдерін өндіру цехы кешенінің құрылысын салу. Жалпы құны – 115,1 млн. теңге. Ашылатын жұмыс орны құрылыс кезінде 7 адам, тұрақты 11 адам. Жылдық өнім өндіру көлемі 129 тонна ет сойып дайындау, 158 400 дана консерві шығару. Қазіргі кезде шаруашылықта барлығы 392 бас ірі қара және 500 бас жылқы малы өсірілуде.

Бұл жобалардың барлығы ұзақ мерзімді (2018-2025 ж.ж.) қазіргі уақытта жоба жоспары бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда.

### Жер қатынастары

Ауданда ауыл шаруашылығы жерлерін тиімсіз пайдаланған 10 нысан (45 000 га) анықталған, оның ішінде:

Қарағанды облыстық жер ресурстары департаментіне тексеріс ашу үшін 4 субъект жолданған, бүгінгі күні департамент тарапынан айтылған ескертулерге сөйкес толықтырулар мен түзетулер енгізіліп, қайта ұсынылады.

Сот орындарына шара қолдану үшін 2 субъект құжаттары жолданған.

2 шаруа қожалықтарының жетекшілері ауысуына байланысты ауыл-шаруашылық жерлері қайта айналымға енгізілген.

3 нысан өз еріктерімен ауылшаруашылық жерлерін ауданның жер қорына өткізген (17 000 га).

### Ветеринария

Ауыл шаруашылығын дамыту мәселесі айтылған жерде ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеті тұр.

Ақтоғай ауылында 2022 жылы жалпы құны 127 млн. теңгеге ветеринариялық пункттің құрылысы аяқталды.

«Эпизоотияға қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізу» бағдарламасын орындау мақсатында төрт түліктің аса қауіпті індеттеріне қарсы ветеринарлық алдын алу және диагностикалық шаралар жоспарға сай жүргізілуде.

Құрылыс саласы – қашаннан да экономиканың негізгі іргетасы екендігі айқын. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үй кезегінде тұрған (аудан бойынша 440 адам) азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында Шашубай кентінде 100 пәтерлік 5-қабатты тұрғын үйді қалпына келтіру (761 млн. теңге), Сарышаған кентінде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тозу деңгейі жоғары 60 пәтерлік 5-қабатты тұрғын үйді қалпына келтіру (250 млн. теңге) жұмыстары жүргізілуде.

Ақтоғай ауылында төрт 16 пәтерлік (барлығы 64 пәтер) тұрғын үй құрылысы 2021 жылы бастау алған, алайда бүгінгі күні жобалау-сметалық құжаттарына өзгертулер енгізілуде. Сараптама қорытындысы алынған соң, жобаны жалғастыру үшін бюджетті нақтылау кезінде салалық мемлекеттік органдарға бюджеттік өтінім беріледі. Қаржы қарастырылған жағдайда жұмыстар жалғасын табады.

Инженерлік инфрақұрылым саласын дамыту мақсатында: – Ақтоғай ауылындағы жаңа салынатын мөлтек ауданның су, көріз, жылу жүйелерін, байланыс, абағандыру жұмыстарына жалпы сомасы – 386,8 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары басталды (мердігер – «ЛТД Спецстрой групп» ЖШС) Аяқталу мерзімі – 2023 жыл – Экологиялық қауіпсіздікті және жер асты суларын қорғау мақсатында 2022 жылы аудан орталығында орталықтандырылған көріз жүйесінің құрылысы басталды. Жалпы жобаның құны – 2,9 млрд. теңге. Тұрғындардың өтінішіне сай жобаға тазарту және сақтау қоймаларын орналастыру жерін ауыстыру мақсатында түзетулер енгізілуде. Нысан қолданысқа 2025 жылы беріледі.

– Елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 2022 жылы Кежек ауылында құрылыс жұмыстары аяқталса, Қуаныш, Үшарал ауылдарында құрылыс жұмыстары басталып, ағымдағы жылы тұрғындардың игілігіне беріледі деп жоспарлануда.

Ауданымызда өзекті және проблемалық саланың бірі – тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз ету.

Бүгінгі күні аудан аумағындағы 10 кВт және 0,4 кВт электр желілеріне қызмет көрсетуші мекеме жоқ болуы себебінен тұрғындарды электр қуатымен

(Жалғасы 3-бетте).

(Соңы. Басы 2-бетте).

қамтамасыз ету жергілікті ауыл, кент өкімдері арқылы 1 маманнан бекітіп, тек апаттық жағдайларды жою жұмысы жүруде.

Аталған мәселені шешу мақсатында электр энергиясын таратушы кәсіпорындарды ірілендіру үшін аудан төңірегіндегі электр желілерін иесіз мүлік деп танып, ішінара нысандар аудандық коммуналдық меншікке алынған.

Бүгінгі күні электр таратушы кәсіпорындарымен нысандарды тұрақты түрде күтіп ұстау және қызмет көрсету мақсатында теңгерімге беру туралы келіссөздер жүргізілуде.

Электр энергиясын таратушы кәсіпорындарды ірілендіру мақсатында «100 нақты қадам – Ұлт жоспарына» сөйкес аудан төңірегіндегі электр желілерін иесіз мүлік деп танып, аудандық коммуналдық меншікке алған, бірақ қазіргі уақытта Ақтоғай ауданының №79 электр желісінен қамтамасыз етілетін Сәуле, Үшарал, Жалаңаш, Ақтас, Қуаныш елді мекендерінің электр желілері және Ақтас, Шабанбай би, Сарытерек ауылдарында орналасқан подстанциялар сот шешімімен «Жезказғанэнергосбыт» ЖШС-нің пайдасына берілген. Бұл желілерді «ЖезРЭК» АҚ-на өткізуге кедергі келтіруде.

**Жол қатынасы және жол жөндеу бойынша**

Республикалық маңыздағы «Алматы-Екатеринбург» тас жолымен тоғысатын аудандық маңыздағы ұзындығы 13,4 шақырымды құрайтын «Пасарал ауылына кірмежелі» (2021-2022 ж.ж.) 476 млн. теңге қаралып, асфальт жабыны толық салынып, тұрғындардың иелігіне пайдалануға берілді.

2022 жылы облыстық басқарма тарапынан «Балқаш-Ақтоғай-Ақсу Аюлы» автомобиль жолының Ақтоғай ауылынан бастап 16 шақырымына және Ақтоғай-Балқаш бағытының 7 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бөлінген қаражат көлемі 1 млрд. теңгені құрады. Аталған жұмысты жалғастыру үшін 2023 жылға 2,8 млрд. қаржы қарастырылып, 50 шақырымына орташа жөндеу жұмысы жүргізіледі.

Ауданның 7 елді мекенін аудан орталығымен қосатын аудандық маңыздағы «Ақтоғай-Шылым-Ақжарық» (жалпы ұзындығы 63 км) автомобиль жолы. Жыл сайын аталған жолға ағымдағы жөндеу жүргізіледі, алайда көтерме жолдың тозығы жеткен. 2022 жылы 10 шақырымға орташа жөндеу жұмысы бастау алып, ағымдағы жылы аяқтау қарастырылған.

Ауылшілік жолдарды орташа жөндеу үшін «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы арқылы 279 млн. теңге қаралып, Сарышаған кентінің 4 көпесі жөндеуден өткізілді. Шашубай кенті бойынша жалпы ұзындығы 2 шақырымды құрайтын көше жолдарын жөндеу жұмысы басталды. Ағымдағы жылға аталған жұмысты аяқтау үшін 118,9 млн. теңге қаржы қарастырылған.

**Жылыту маусымы бойынша**

2022-2023 жылдардағы жылыту маусымында 3 орталық жылу қазандығы, яғни Шашубай кенті 1 қазандық, Сарышаған кентінде 2 орталық қазандық жұмыс жасаса, 48 дана автономды жылу жүйесімен қамтылған әлеуметтік-мәдени нысандар жұмыс жасауда.

2022 жылға орталық жылу қазандықтарының дайындығына жалпы сомасы 69,0 млн. теңге қаржы қаралып, аталған қаржыға Сарышаған, Шашубай кенттерінің қазандық орнату және орналасқан қазандықтарға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2023 жылы 30 млн. теңгеге Сарышаған және Шашубай кентінен жалпы ұзындығы 1,2 шақырым желіні жөндеуден өткізу жоспарлануда.

Сонымен қатар, Шашубай кентінде көпқабатты үйлерге арналған жаңа қазандық құрылысының жобасы жасақталуда, сараптама қорытындысы алынған соң, өтінім тиісті салалық органдарға жолданады.

**Жұмыспен қамту саласы**

Кезек күттірмейтін маңызды мәселелердің бірі – тұрғындардың жұмыспен қамтылуы және еңбекке орналастыру.

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі «Ұлттық жоба» аясында жоспарға сөйкес жұмыстар жүргізілуде.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантқа 50 адам 60 млн. 909,6 мың теңге өз жобаларын қорғап мемлекеттік қайтарымызсыз грантқа ие болды. Мұның ішінде 25 жас және 25 осал топ адамдары қамтылып отыр.

Жалпы жұмыс мәселесі бойынша 2022 жылы 858 адам өтініш білдірсе, 763 жұмыссыз тұрақты, уақытша және мерзімді жұмыстарға орналастырылды. (Жұмыссыздық деңгейі: облыс – 4,5%, аудан – 4%).

Көпі-қон бағдарламасы бойынша Айыртас ауылдық округіне 3 отбасы 12 адамға (2 млн. 573 мың теңге) төленді.

2022 жылы «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында 23 жас маман – 7 млн. 45 мың тг. көтерме жәрдемақы, 16 жас маман 72,2 млн. тг. жеңілдетілген тұрғын үйге несие алды.

Білім беру саласында өткен оқу жылы біршама өзіндік көрсеткіштерге қол жеткізілді.

Ауданның білім бөліміне қарасты 13 орта, 8 негізгі және 2 бастауыш мектепте 2916 оқушы білім алуда. Білім беру ұйымдарындағы компьютер паркi 1171 компьютерді құрап отыр.

Жалпы сомасы 55 млн. теңгеге 11 мектепке 11 модификациялық кабинеттер (физика, химия, биология, STEM) алынды.

2022 жылы білім беру ұйымдарының нысандары: 1 мектепке күрделі жөндеу, 5 мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалып, аяқталды.

2023 жылға К.Байсейітова атындағы мектепті ағымдағы жөндеу жұмыстарына 30 млн. теңге, Абай, Ж.Ақбай және С.Ибраев атындағы мектептердің жылу қазандығын ауыстыруға 60 млн. теңге қарастырылды.

2022 жылы К.Байсейітова атындағы тірек мектебінде «Ауылдық жердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында жалпы сомасы 250 млн. теңгеге мектептің материалдық-техникалық базасы толығымен жаңартылды. Пәндер мен бағыттар бойынша 24 оқу кабинеттерімен бірге мектепке қосымша білім беру STEM зертханасы, ART-студия, шеберханалар жабдықталды.

Қосымша білім беру жүйесінде жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында биылғы жылы орталық металл ағаш өңдеу, токарлық іс, IT-сынып және тігін шеберханалары



кабинеттерімен жабдықталды. Бүгінде орталықтың 8 филиалында 367 бала білім алып отыр.

**Мәдениет және спорт**

Жыл басынан мәдениет және спорт салалары бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспары бекітіліп, кестеге сөйкес ұйымдастырылуда.

Мәдениет саласының материалдық-техникалық базасына баса назар аударылып, тиісті жабдықтармен толықтырылып, 2022 жылы жалпы аудандық бюджет арқылы 102 млн. теңге қаржы бағытталды. Оның ішінде 1 ауылдық клуб үйінің (Қусақ) күрделі жөндеу жұмыстарына 45 млн. теңге, 1 ауылдың (Нүркен) саябағын қайта жаңғыртуға 15 млн. теңге, «Тоқырауын толқындары» ансамбліне микроавтобус алуға 21 млн. теңге, сондай-ақ дыбыс жазу студиясы және ауылдық клуб үйлеріне 59 дана ұлттық музыкалық аспаптар, сахна пымылдық және ұлттық киімдер алынды.

Бұқаралық спортты дамытуда да бірталай игілікті іс-шаралар атқарылуда, мәселен, кейінгі екі жылда ауылдық елді мекендерде 337 млн. теңгеге спорт алаңдары, хоккей кордтары, стритворкауттар орнатылды. Сондай-ақ, саланы дамытуда 12 спорт нұсқаушы штатпен толықтырылды.

**2022 жылы:**

Қызылжар ауылдық округінде 1 көпсалалы хоккей корты; Айыртас, Үшарал ауылдары және Шашубай кентінде 1 жазықтық жасанды көгалмен төселген спорт алаңы салынып, қолданысқа берілді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша аудан спортшылары: республикалық жарыстарда – 8 алтын, 6 қола, 4 күміс медаль; облыстық жарыстарда – 39 алтын, 31 күміс, 40 қола медальға қол жеткізді.

Сонымен қатар, халықаралық жарыстарда да көк байрағымызды көкке көтеріп, жеңімпаз атанған бірқатар спортшыларымыз бар. Атап айтсақ, 1-7 қазан аралығында Италия мемлекеті Лидо-ди-Езоло қаласында өткен «World Champion-2022» кикбоксингтен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында жерлесіміз Гауһар Сайлаубек әлем чемпионы атанса, Асық ату спортынан Румыния мемлекетінде 8 мемлекет қатысқан Әлем кубогі халықаралық жарысында жерлесіміз Ерболат Қаржаубай топ жарып, жеңімпаз атанды. Спортшыларымызға алдағы жарыстарда да биік белестерді бағындырып, көк туымызды үлкен додаларда желбірете берулеріне тілектеспіз.

Денсаулық сақтау мемлекеттік саясатың жергілікті атқарушы органдарының қызметіндегі маңызды басымдық болып қала береді.

Халықтың денсаулығына әсер ететін тиімді пара – сапалы медициналық қызмет көрсету мақсатында осы салада біршама игі іс-шаралар атқарылуда.

Білікті маман дәрігерлерді тарту бағытындағы жұмыстар әлі де жалғасуда. 2022 жылы ауруханаға 1 жалпы тәжірибе дәрігері мен 3 орта медициналық қызметкер жұмысқа қабылданды. Сондай-ақ, жергілікті билік тарапынан дәрігерлерге мейлінше әлеуметтік қолдау көрсетіле бермек. (Тұрғын үй, материалдық, тұрмыстық техникалар, т.б.).

«Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы арқылы Ақтоғай ауданының орталық

аудандық ауруханасының жұқпалы аурулар бөліміне (256 млн. тг.) күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде, Шашубай кенті (80 млн. тг.) дәрігерлік амбулаториясына ішкі күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ауданда әлі де шешімін таппаған мәселелер бар.

– Ең өзектісі – аудан бойынша электр жүйесін Жезказған өңірлік электр таратушы кәсіпорны теңгеріміне беру;

– аудандық маңыздағы 354 шақырым жолдардың сапасы сын көтермейді, осы жолдардың кезең-кезеңмен жөндеуіне жұмыс ұйымдастыру.

**2023 жылы атқарылатын жұмыстар**

Ақтоғай ауылында көріз желілерінің құрылысын жалғастыру;

Ақтоғай ауылындағы қолданыстағы стадионды қайта жаңарту жұмыстарын аяқтау;

Ақтоғай ауылы солтүстік-батыс мөлтек ауданына инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымын жайластыру жұмысын аяқтау (су құбыры, көріз құбыры, абаттандыру, жылу желісі қазандығымен, байланыс желісі);

Қуаныш, Үшарал ауылдарына ауыз су тарту құрылысын аяқтау;

Шашубай кенті, Ж.Ақбергенұлы көшесі, 9-үй мекен-жайы бойынша орналасқан 100 пәтерлі 5 қабатты тұрғын үйді қалпына келтіру жұмысын аяқтау;

Сарышаған кентіндегі №4 апатты жағдайдағы көпқабатты тұрғын үйді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;

«Ақтоғай - Шылым - Ақжарық» бағытындағы жолға орташа жөндеу жұмыстарының 1-кезеңін аяқтау; «Ақтоғай-Қарағанды» бағытының қалған 105 шақырымын алдағы жылдары аяқтау;

Нарманбет-Қусақ бағытындағы көтерме жолға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу;

Сарышаған кентінде дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешені құрылысын бастау;

10 елді мекенде 10 дәрігерлік амбулатория мен медициналық пункттер салу;

Сонымен қатар, атқарылатын басқа да ауқымды жұмыстар бар. Ол жөнінде сіздерге тоқсан сайын болатын есептік кездесулерде хабарлар етілетін болады.

**Атқарылар істің төрешісі – халық.**

Бүгінде Мемлекет басшысы экономиканы одан әрі нығайту бағытында атқарушы биліктің алдына жаңа міндеттер жүктелді. Ауданымыздың әрбір тұрғынының табысы мен өмір сапасының жақсаруы біздің жұмысымыздың басты көрсеткіші болып табылады.

Осы бағытта Мемлекет басшысының барлық тапсырмаларын тиісті мерзімінде және сапалы жүзеге асыруда жұмыстар атқарылатын болады.

Елімізде жаңа сайлау науқаны басталды. 19 наурызға белгіленген кезектен тыс ҚР Парламенті Мәжілісі және мәслихат депутаттарының сайлауы – өткен тәжірибе мен болашақтың сын-қатерлерін ескере отырып, Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған маңызды қадам. Сондықтан, баршаңызды алдағы өтетін саяси маңызды парадан тыс қалмай, ұйымшылдық, белсенділік танытуға шақырамын!

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

## Мәдени нысандарды аралады

Өткен жұмада аудан әкімі Руслан Кенжебеков аудан орталығындағы әлеуметтік және мәдени маңызы бар бірнеше нысандарда болып, онда атқарылып жатқан жұмыстармен танысты, алдағы уақытта қолға алынуы тиіс міндеттерді белгіледі.

«Өнер – адамның рухани азығы, ол халықтың бүгінгі мен келешегі, арманы мен қиялы, жалпы болмысы» дейді халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы. Бойына өнер дарыған балғын балапандардың бетін қақпай белін буып, болашағына даңғыл жол ашуға жөн сілтеп келе жатқан аудандағы мекеменің бірі – аудандық өнер мектебі.



Руслан Айтықкәулі өнерпаз шәкірттердің талабын ұштап, үлкен өмірге қадам бастырған аталмыш іргелі қарашаныраққа келіп, өнер өлкесіндегі талантты жастарды тәрбиелеп, аудан өнерін дамытуға сүбелі үлес қосып келе жатқан бірегей білім ордасының атқарып жатқан жұмысын көрді.

Өнер ұясының бүгінгі тыныс-тіршілігі жайында аудан әкіміне баяндаған мектеп директорының міндетін атқарушы Айгүл Жақанова: – Қазіргі таңда мектеп оқушыларының бойындағы дарынын ұштау, бос уақытын тиімді пайдалану, шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында бірнеше үйірмелер жұмыс жасап, дәрістер өткізіліп келеді. Мектебіміздің оқушылары әр жылдары облыстық, республикалық және халықаралық конкурстардың жеңімпазы болып танылуда, – деді.

Аудан басшысы әр үйірме сыныптарына бас сұғып, шәкірт шығармашылығын шындап, өнер додаларында аудан атын асқақ етіп жүрген бірқатар ұстаздар қауымына алғысын айтып, шығармашылық табыс тіледі.

Сонымен қатар, Руслан Айтықкәулі аудандық орталықтандырылған кітапханада болды. 262 мың кітап қоры бар аудандық кітапхананы аралаған аудан әкімі оқырман тарту үшін жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысты. Аталмыш кітапхана директоры Замзагүл Сәтекованың айтуынша, бүгінгі күні кітапхана сайты, электронды каталог жұмыс істейді. Оқырмандарға онлайн қызмет көрсету жүйесі де іске қосылған. «Отбасылық», «Тарих сөйлейді» жобалары шеңберінде интерактивті кітап алынған.

Мұнан соң аймақ басшысы Ақтоғай аудандық археологиялық-этнографиялық мұражайына бас сұқты. Мұражайда өңірдің сонау сақ, қола дәуірінен басталған сан ғасырлық тарихи мұралар мен Ақтоғай жерінен шыққан белгілі тұлғаларға қатысты құнды жәдігерлер сақталған. Бағзыдан жеткен бабалар мұрасы мен өңірдің өткені жайында экскурсовод Сағат Қалиасқаров баяндады.

Аудан басындағы мәдени ошақтарының жұмысын зерделеп, ұсыныс-пікірлерін тыңдаған Р.Кенжебеков көтерген мәселелердің орындалысы өз бақылауында болатынын жеткізді.

Думан ҚАБЫЛ.

## Жаңа тағайындау

Қарағанды облысының білім басқармасы басшысының 30 қаңтар 2023 жылғы №12 бұйрығына сәйкес, Қарағанды облысы білім басқармасының «Ақтоғай ауданының білім бөлімі» ММ-нің басшысы болып Қуанышбаев Айдос Қарғұлұлы тағайындалды.

Қуанышбаев Айдос Қарғұлұлы 1977 жылы 12 мамырда Ақтоғай ауданы, Нүркен ауылында дүниеге келген. 1998 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін аяқтаған. 2000 жылдан бастап Балқаш қалалық №1 орта мектебінде психолог, 2006 жылдан бастап аталмыш мектеп директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары болып жұмыс жасады. 2008-2012 жылдар аралығында Балқаш қалалық білім бөлімінде бас маман, 2012 жылдың шілде айынан бастап, аталған бөлім басшысының орынбасары болып қызмет атқарды.

2021 жылдың қаңтар айынан Қарағанды облысының білім басқармасының «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығы» КММ-де әдіскер, 2021 жылдың шілде айынан бастап «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы» КММ-нің басшысы болып қызмет атқарды.

«Б.Алтынсарин» атындағы төсбелгісінің иегері.



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Ақтоғай ауылының әкімі Қайыр Болғанбаев ауыл тұрғындары алдында жылдық есебін беріп, биыл атқарылып жатқан жұмыстар мен міндеттерді баяндады. Өткен жылы шешімін тапқан өзекті мәселелерді түгіндеп, елді мекенді дамытуға қатысты жоспармен таныстыру ауқымында өткен жиынға аудан әкімінің

Әкімнің айтуынша, үстіміздегі жылы 5 әлеуметтік нысан ашылса, «Бизнес-Бастау» бағдарламасы арқылы 2 адам, «Несие серіктестігі» арқылы 7 адам 46 млн 220 мың теңге несие алған. Сонымен қатар, бір топ жас кәсіпкерлер өз ісін дамыту мақсатында жобаларын қорғап, аудан әкімі грантын иеленген.

## Ел тілегі ескеріледі



орынбасары Абылай Аманжолов, аудан орталығындағы мекеме, бөлім қызметкерлері, ауыл тұрғындары қатысты.

Ауыл әкімінің сөзінше, өткен жылы Ақтоғай ауылы әкімдігіне бөлінген қаржының барлығы толығымен игерілген. Өткен жылмен салыстырғанда қолда бар мал басы өскен, ветеринариялық профилактикалық іс-шаралар жоспары 100 пайызға орындалыпты.

Жыл бойы ауыл әкімі аппаратына жеке және заңды тұлғадан 68 өтініш келіп түссе, олардың барлығына тиісті заңдылықтарға сәйкес жауап берілген. Өткен жылы елді мекенді көркейту-көгалдандыру, абаттандыру бағытында 2 дана трансформаторлық қосалқы станция қолданысқа беріліп, Жосалы ықшам-ауданына 6, Нарманбет көшесіне 15 және Жидебай көшесіне 8 дана светодиодты жарық шамдары қойылыпты.

Есепті кездесуде сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов: «Тарих тағылымы» саябағындағы мемориалдық тақтаға есімдері жазылмай қалған жауынгерлер бар. Осыны енгізіп берсеңіздер» – деген талап-тілегін жеткізді.

Жиынды аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов қорытындылап, есепті кездесуде тұрғындар тарапынан көтерілген Ақтоғай ауылында жасалып жатқан көріз жүйесі жұмыстарын үнемі бақылауда ұстау және ауылшілік жолдарды қардан тазартуды жүйелі түрде ұйымдастыру керектігін айтты. Сондай-ақ, аудан әкімі облыс әкімінің гранттарын алған жас кәсіпкерлердің жұмыстары алдағы уақытта арнайы комиссиямен тексерілетінін тілге тиек етті.

Өз тілшімізден.

**Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 104-бабы 6-1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес бірмандатты аумақтық сайлау округтары бойынша Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың тіркелгендігі жөнінде ХАБАРЛАМА**

**№2 сайлау округі бойынша**

1. Жолдасов Канат Ансабаевич, 1986 ж.т., «Ақтоғай аудандық мемлекеттік архиві» КММ-нің директоры, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны. (Тіркелген күні 06.02.2023 ж.).

**№4 сайлау округі бойынша**

1. Кашкинов Канат Мадеевич, 1966 ж.т., «Сайран» шаруа қожалығының жетекшісі, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округінің тұрғыны. (Тіркелген күні 06.02.2023 ж.).

**№6 сайлау округі бойынша**

1. Сериков Ергазы Нурланович, 1985 ж.т., жұмыссыз, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кентінің тұрғыны. (Тіркелген күні 06.02.2023 ж.).

**Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.**

**СООБЩЕНИЕ**

**о регистрации кандидатов в депутаты по одномандатным территориальным округам Ақтоғайского районного маслихата в соответствии с подпунктом 1, пункта 6-1, статьи 104 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан»**

**По избирательному округу №2**

1. Жолдасов Канат Ансабаевич, 1986 г.р., Директор КГУ «Государственный архив Ақтоғайского района», проживает в село Ақтоғай, Ақтоғайского района, Карагандинской области. (Дата регистрации 06.02.2023 г.).

**По избирательному округу №4**

1. Кашкинов Канат Мадеевич, 1966 г.р. Крестьянского хозяйства «Сайран», проживает в Жидебайском сельском округе, Ақтоғайского района, Карагандинской области. (Дата регистрации 06.02.2023 г.).

**По избирательному округу №6**

1. Сериков Ергазы Нурланович, 1985 г.р. безработный, проживает в поселке Шашубай, Ақтоғайского района, Карагандинской области. (Дата регистрации 06.02.2023 г.).

**Ақтоғайская районная избирательная комиссия.**



Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның ұлт тілінің жасампаздығына сіңірген тарихи қызметі – ұшан-теңіз. «Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бөйгесін алар» деген қайраткер ана тіліміздің руханият, ғылым, саясат саласындағы тұғырын бекітуде тағылымы терең үлгі-өнеге қалдырды.

Ел қазынасынан рухани нәр алған қыр перзенті сөз өнерін «айыр сөз», «демді сөз», «ескі сөз», «кестелі сөз», «көркем сөз», «қысыр сөз», «күйлі сөз», «ұзын сөз», «піскен сөз», «сырлы сөз» деген ұтқыр зерделеу арқылы әдеби-эстетикалық таным-талғамының тереңдігіне төңті етті.

Отандық және әлемдік рухани құндылықтарды, жаһандық ой-сана

лексиясы). «Күштінікі диірмен тартады», мал бағам деп Варон-Секреті жер алып отыр» («Государственни дума»). «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас!» («Жауап хат»). «Алмақтың да салмағы бар» («Алаштың азаматына!»). «Берушіге бесеу көп» деген мақал болса, 5 тиын ауыр болмаса керек» («Қазақ зиялыларына (Босқын қырғыз-қазаққа жәрдем)»). «Ешпен кеш – игі» деген» («Ешпен кеш игі»). «Жеті өлшеп бір кес» деген мақалдың ізімен жүру лайық» («Қалай бірігіміз?») тағы басқа.

Ерекше назар аударарлығы, Ә.Бөкейхан орыс тілінде жазылған «Омскь, 8-го февраля», «Русская поселения в глубине

қатпары терең әр алуан көкейкесті тақырыптарының еңбектерін ақындар өлеңі, жазушылар пікірімен дәйектеп, үстеп отыруы да Бөкейханның өзгеше бітімдегі қалам қарымын дара алды. Ақмолланың: «Айтамын үгіт қылып қазақ халқы, Көңіліңіз



## Әлиханнның қазақ тіліне қызметі

алыптарының түрлі саладағы іргелі ғылыми еңбектерін жан-жақты меңгерген Ә.Бөкейхан болмысына жөн-жосықсыз білгішсін, ақылсін мүлдем жат. Санаткер қазақ, орыс, француз, грек, украин мақал-мәтелдерін саяси-әлеуметтік, ғылыми-танымдық, ғылыми-көпшілік, оқу-ағарту тақырыбындағы мақалаларындағы ой-пікірін ұштауда, толғамын үстеуде қолданады. Сөз бен істегі үйлесімді басты азаматтық ұстаным деп білген оның «Ақылды сөз қылмақ қиын, сөзді іс қылмақ мұнан неше есе қиын» («Ашық хат») екенін ескертуі де саяси сарабалдықтың айқын белгісі.

«Ашпылып ақыл жазатын қалам бар ма? Көкіректе сайрап тұр, қолымды заман байлап тұр» («Ашық хат») деген ол патша цензурасы қысымын өткере жүріп те ону дәуіріндегі қоғамдық сана серпілісі мен әлеуметтік сілкіністегі сөз құдіретінің маңызын: «Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар» деген нақыл бар. Бұзуға құдіреті келетін сөздің түзеуге құдіреті келеді. Сөз – қару, мұны бұзуға жұмсақ, бұзады. Түзеуге жұмсай түзейді. Сөзін жұртты түзеуге жұмсай бастаған жұрттың, өзі түзелуге бет алғанын көріп тұрмыз» («Құрметті оқушылар!») деп көрсетті.

«Әң, күй, ескі сөз, тақпақ, нақыл, сурет, ою, бояу – орысша айтағанда, «искусство» адам баласына «рухани» арқау. Мұнсыз ел ел болып жасай алмайды» дейді Ә.Бөкейхан «Оқытушы – кеңес құрылысының ұстасы» атты мақаласында. Отаршылық қысымдағы ұлтының азаттық аңсарындағы рухани арқауын ғасырлар тоғысында жаңа сапалық мазмұнда жаңғырта білген ол өзекті ой-толғамдарын, өзекжарды толғаныстарын өзі атап көрсеткен «сөз қазығын» мақал-мәтелдермен түйіндеп отырады. Мәселен, «Сақтансаң – сақтармын!» дегенді ойлаңдар!» («Қарқаралы озының Қотан-Бұлақ, Западный Балқаш, Зайсан елдеріндегі егіннің жайы»). «Әлі жеткен алып та жығады, шалып та жығады» деген осы-дағы!» («Үшінші Дума һәм қазақ»). «Кұдай қарғайын десе, ақылды алады» деген мақал Құтұхта еңпісіне тиді білемін» («Монгол конституциясы»). «Күн шыққанша қарау, көзді соқыр қылар» деген телмірген жұртқа шығарған орыстың мақалы бар» («Ұры тию»). «Тамшы тас теседі» («Тозған ресім азам»). «Іс ұстадан қорқады». «Политика» тамырын ұстауға құр қара-ала қағаз танығаннан басқа да ұсталық мақсат емес пе?», («Екі сиез»). «Гректің мұнысы «ит табаны қышыса, керуенге үреді» ғой!» («Трубетской

степного края), «Открытке письмо казахам Семипалатинской области» сынды мақалаларында «Тауда бұғының мүйізі сырқыраса, ауылда бұзаудың мүйізі қақсайды», «Көп жүрген жыланның аяғы көрінеді», «Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне», «Сақтағанды сақтармын» сипатындағы мақал-мәтелдерді қазақ тілінде қолданады. Олардың мән-мағынасын оқырманға жеткізуде орыс тіліне аударып береді. Сондай-ақ, кейбір мақалаларының атауына мақал-мәтелдерді алады. «Аңқау елге арамза молла», «Сусағанның түсіне су кіреді», «Ешпен кеш игі» сияқты.

Иісі қазақты Алаш идеясына біріктірген Әлихан Бөкейхан – Ресей империясындағы ғана емес, сол кездегі әлемдік дамудағы саяси үрдістердің ағысын тереңнен бажайлаған реформатор тұлға. Ұлт азаттығы мен теңдігі жолында рухани және саяси күрес жүргізудің көпбасшысы бола білген Алаш ұлының бағдарламалық мұрат-мақсаты терең мазмұндағы жаңашыл стильдегі мақалаларында нақыл сөз түрінде түйінделеді. Мысалы, «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қыпмай қоймаймын» («Жауап хат. Жаһанпа Әлмұхамедұлы Сейдалинге»). «Жұрт ісін түс көрмей, ою жүріп іздену мақсұл» («Сусағанның түсіне су кіреді»). «Бөтен кісі қазаққа епқайдан жақсылық артып өкелмейді. Өз күшіне, өз қуатына сенбеген адам да, халық та ғұмыр жүзінде бөйге алмайды. Біреуге телмірген адамнан, халықтан қосақ түрткен жетім лақ бақытты» («Ұры тию»). «Жүйрік қыран күшін қиянға салса, жұрт мақсатын орнына апарса, мұнан артық не бақыт бар, бауырлар!» («Хасейін Халами папа (Сыртқы хабарлар)»). «Міне, сондықтан өңір-білім керек, одан да кергіреті тәрбие. Қанша оқысақ та тәрбиеміз кем болса хасиетіміз аз» («Роман не нәрсе?»). «Ғұмыр күннен-күнге өзгеріледі. Жұрт ресімі бірте-бірте өзгерілген ғұмыр жүзіне өтіп өзге болады» («Тағы да би һәм билік»). «Ғұмыр тартыс-талас, ғұмыр жүзінде орын аламын десең ұсталық, жиһатшылық зор мақсат. Таласып талпынбаған кісіге де, халыққа да төмам қасқыр арасында бөйге жоқ» («Хұтұхта хаты»). «Негіз құр құрдастықта емес, бақыт сүйіспеншілікте» («Сайлау күкы»). «Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық саяси ісін ұғынбаса, тезек теріп, тарих (тарқы) жолында артта қалады. Бақыт, махаббаттан тысқары болады. Бұл екеуі жоқ жұртқа тіршілік неге керек?!» («Алаштың талапты азаматына! Үндеу»). Саяси-әлеуметтік астары, қоғамдық

дін жағына сонша салқын! Дін қойса, заң қоюға риза емес, Бұрынғы қоя алмайсыз ата салтың, – деп зарланғаны осы» («Қазақта мүфтилік мәселесі»). «Дағды құдырет ісі. Ол туыстың еңпісі, деген Пушкин ақынның сөзі осы!» («Сырттан» (Барлыбектің әкесі Сыртан батыр туралы)). «Қуандым түнде жүріп күн шығар деп, Болса да бұлт бүркеу жел қуар деп», Нарманбет айтқаны қайда?» («Ашық хат»). «Еңбек етсең ерінбей, тояр қарның тіленбей» деп Абай айтқан сөз ғой!» («Екі жол»). «Ер жігіттің белгісі – адасқанын мойнына алған, «шын сөзге жан фида» деп Шаһкәрім айтқандай» («Көкітай» (Мүнәхиб)). «Күйрік сорып борсық жүр, Түлкі мырза жортып жүр. «Кұдай, аман сақта!» деп, қой мен тауық қорқып жүр. Тышқан аңдып мысық жүр, алдап кезін қысып жүр. Ін таба алмай сарышұнақ, сорлы сасып-пысып жүр». Сөбит. «Қазақ» газеті, нөмірі 80. Қ.Б. («Жапон һәм Қытай»). «Орыс писателі (сөз жазғышы) Ф.М.Достоевский айтқан: «адам хайуанның жүзі қарасы» деп» («Ашық хат»). «Франция жазушысы Золә (Золя) «Адам хайуан» деп роман жазды» («Ұят-ай!»). «Лев Николаевич айтатын: «Ау, адам баласы, тоқташы, азғантай тоқташы, ойлашы, не қылып жүрсін? Істеген ісін бәрі жамаң, бәрі біреуге жөбір. Тоқтасан, менің жолыма түсесін» деп» («Петр Алексеевич Кропоткин»). «Грек ақыны Гомер жырларында ерлердің басына қан жаудырады» («Қанды жауын (Фламарион К.)»).

«Мұсылман сиезі» мақаласында да Әлихан ана тіліміздің өміршең құдіретін айшықтауда Абай, Шөкәрім, Міржақып, Мағжан өлеңдерінен оралымды үлгі өрнектерді молынан келтіреді. «Тарих керек» мақаласында қазақ мақалдары қолданылуының мән-мағынасын екшеп, тарих түзудегі халық ауыз әдебиеті үлгілерінің құндылығын зерделейді.

«Кең киім азбас, кеңесті ел азбас» деген мақал – қазақтың бір шақта кеңесті үкіметті болғандығын, «Халық ұйғарса – хан түйесін сояды» деген мақал – хандардың халықтың пікірімен санасатындығын білдіреді. Мұндай істер аса көп, сондықтан, газет бетінде сарқа жазып болмайды. Бұдан аңғаруға болады: тарих түзуге өлең, мақал тақпақ, ертегі – халықтың қолданып жүрген ғұрып-әдеттері, ескі қарулары, ер-тұрман, құлшығас, үй ішіндегі құралдар секілді тоқсан тоғыз түрлі жолдар болады.

«Григорий Николаевич Потанин» (1913) мақаласында «Осы келер жазда Потанин Семей облысы, Қарқаралы

оязы, Тоқырауын өзені бойына барады. Ион басында «Қоянды» жөрменкесінде болады. Тоқырауында жаздай жатып, қазақты аралап көрмекші, қазақтың ертегі, жұмбақ, мақал, ескі жақсыларының сөзін жимақшы.

Потанин дүниедегі тілдердің бәрінде айтылған неше жұрттың іргелі мақал, өзге сөздерін қарастырып, соны қай жұрт қай жұрттан өнеге-үлгі алғанын шығарып отыр» деп ақ жүрек ердің игілікті істерін әдіптейді. «Күншығыс баспасы» баспақ болып отырған Баржақсыұлы Ахмет жиған «Мың бір мақал» да Григорий Николаевичке қалап басылмақ еді» деп қандастарының Потанинге деген құрметін білдірді.

Алаштың аяулы перзенті Ахмет Баржақсыұлы «Айқап», «Қазақ» басылымдарындағы «Қалірмаңді Хасанғали мырза!» (1914), «Мақалдар» (1914) мақалаларында халық ауыз әдебиетінің осынау асыл үлгілерін жинау, жариялауды көтергенді. Сол кездің өзінде мың үш жүз мақал жинап, жүйелуді қолға алған ол «... Мақал – қысқа, тегістеліп айтылған халық аузындағы есиет. Онда қай жағынан болса да дұрыстық айтылады: «Уайым түбі – теңіз, батасың да кетесің, төуекел түбі – қайық, мінсесің де өтесің». Мақалдар мен мәтелдер халықтың бірнеше ғасырлық данышпандығын көрсетеді» дей келіп, халық мұрасын жинаудағы Ә.Бөкейхан қызметін: «... Сібірде, қазақ ортасындағы музей жағрафия жамғатында Омбыдағы шілендерден Әлихан Бөкейхановтан басқа ешкім жоқ. Сол себепті біздің қазақ халық әдебиетіне тіпті жарлы деп айтуға мүмкін. 1913-1914 жылдарда кітап алып жүріп мөз ештеңе көре алмадым. Осы күні член-сотрудник болып тұрмын. Аздығын өздері де біліп, 1913 жылда, апрельде белгілі ертегі ғылыммын аты шыққан Потанинді Семейпалат облысындағы Тоқырауыңға жіберді. Жол расходын беріп, әдейі ертегілер жинау үшін. Оның ақшылымын Омбыдағы музейде «Қазақ комиссиясын» ашты. Председателі Ақмола һәм Семей облысындағы народный үшлішелердің директоры Михаил Филиппов. Оны қойғанның мөнісі учительдердің бөріне программа беріп жиғызбақшы еді...» деп жазды.

Міне, Әлихан қазақ мақал-мәтелдерін жинап, «Мың бір мақал» атауымен 1915 жылы шығарған А.Баржақсыұлы ізденісін қолдап, орысша түзетіп бастыруға ұйытқы болды. Әлихан Бөкейханға Мәскеудегі «Күншығыс» баспасында

(Жалғасы 6-бетте).

(Соңы. Басы 5-бетте).

соңғы жылдарына дейін қазақ мақал-мәтелдерін жариялау мәселесін назарынан тыс қалдырған жоқ. Елдес Омарұлына 1934 жылы Мәскеуден жазған хатында «Қазақшыл Қасенғали (Асан-әлі) жинаған көп (700-бет) қазақ мақалы, ескі сөздері бар еді. О қайда екен? Қасенғали жинағында жілігі татымайтын өңгімелер де көп еді. Мен мұны Алматыда кімге жазарымды білмей, саған жаздым. Сен қазақ әдебиетін бағалаушылармен отала отырсың ғой, өзің иесіне тапсырарсың» деп, әдеби мұраны жариялаудағы келелі істерді ой талқысына салады.

Алты Алаш көсемінің менменсіген отаршыл патша ұлықтарын қазақ мақал-мәтелдері даналығының тобықтай түйінімен төубесіне келтіріп отырғаны да бүгінгіге төмсіл болып жетті. Оны Смахан төре Бөкейхан естелігінде тебірәніспен жазады.

«Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлап шығарған жоқ та, шығара алмайды да. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап, пісіп дүниеге келеді» дейді Ә.Бөкейхан. Қазақ тілін тұрмыс

қазанында қайнатып, қандастарын әлемдік ғылым жетістіктерінен ана тілінде сусындауына жол ашқан дегдар Фламарионның «Астрономия әліпбиі» (1924), Тутковскийдің «Жердің қысқаша тарихы» (1926), Гравенің «Дүниенің құрылысы» (1926) ғылыми еңбектерін қазақшалап басып шығарды.

Тутковскийдің «Жердің қысқаша тарихы» (1926) кітабының «Жердің өткен өмірін қалай білеміз?» бөлімінде мақал-мәтелдердің елтанудағы маңызын пысықтай түседі: «Бұрын ертеде болып өткен жұрттың мәдениетін, әдебиетін, иманың, істеген ісің, қылған әдісің, амалын білем десек, ол жұрттың жазған хатың, айтқан өңгімесің, жұмбағың, ертегісің, жазған заңың, өкім-жарлығың, жасасқан уәде қағазың, мақалың, өлеңін алып салыстырып, төсе қарап тексеріп, ол жұрттың кім екенімен танысамыз, кім екенін білеміз. Ертеде өткен жұрттың тарихы, міне дейміз». «23 жоқтаудың» (Қазақ тарихының төрт жүз жылын алады. Жинаған, түзеткен: Байтұрсынұлы Ахмет. Қыр баласы. Кеңес Одағындағы елдердің Кіндік баспасы. Мәскеу, 1926) «Бастырушыдан» берілген кіріспесінде «Ел

аузындағы тіл дегенімізде өнә үлгі-өрнек етеміз? Әрине, осындай жоқтауларды, мақалдарды, жұмбақтарды, ертегілерді, өлеңдерді тағы-тағы осындайларды!» деп байыптады.

Ұлттың ұлт болып ұйысуындағы тілдік құбылыстың әлуетіне Алаш әлеуметінің көзін жеткізген, сол арқылы елдің елдік белгісі тілді сақтауда аянбай тер төккен Қыр баласы ана тілін ардақтау мен ұлықтаудағы перзенттік парызына ақтық демі үзілгенше адал болып өтті. Иә, Алаш ардақтысының қазақ тілінің қоғамдық өмірдегі қолданыс аясын арттырып, ғылым мен білім, саясат пен мәдениет, әдебиет пен өнер тіліне айналдырудағы ерен еңбегінен алар тағылым мол.

Ғұмыр жүзінде қазақ тілі өз бөйгесін алуудағы аламанда жанкештілік танытып келеді. Қазіргі арлы ұрпақтың да сол өміршең үрдістегі жауапкершілік намысын қамшылап, өрелі биікте болуға ұмтылулары аманатқа адалдық танытулары деп білеміз.

**Сағымбай ЖҰМАҒҰЛ,**  
**ғалым, филология ғылымдарының докторы, алаштанушы.**  
**«Орталық Қазақстан» газетінен.**

**Сенім телефоны**

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексің, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

**Жарамсыз деп танылсын**

Қаптаров Шәрбек Сағындықұлының атына 1983-1984 оқу жылында Н.Әбдіров атындағы орта мектебінен берілген КГ №460764 санды орта білімі туралы аттестатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылады.

**Тарих тағылымы**

**Өткеннің өшпес өрнегіндегі болған...**

(Жалғасы. Басы газетіміздің №6 (7895) санында).

Совет сияқты жас буын өкілдері диқаншылықты жақсы меңгерген. Алапат соғыс аяқталып, халық етек-жеңін жинап, әрі қарай қоғам үшін береке-бірлік, ұйымшылдықпен еңбек етеді. Әтембек тоғанындағы диқаншылар тоғанбасы, бригадирі Игілікұлы Кемалдың ұйымдастыруымен жылдан-жылға ақ бидайдың өнімін молайта түскен екен.

\*\*\*\*\*

Соғыстан алған ауыр дене жарақатының салдарынан 1952 жылы көктемгі егін егу науқаны кезінде Игілікұлы Кемал ауруы жанына батса да, кетпенін қолынан тастамай егіс алқабында еңбек ете жүріп, дүниеден өткен екен. Артында жары Кұлпаран, жеті жаста қызы Тоқтархан, бес жаста ұлы Мұхтархан қалған. Бүгінгі кезде қызы Тоқтархан ақжаулықты, алтын құрсақты ана атанып, Балқаш қаласында тұрып жатыр. «Орнында бар оңалар» дегендей, ұлы Мұхтархан көпті көрген көненің көзіндегі болып, ақсақалдық жасқа келіп, Қарағанды қаласында балалары мен немере-шөберелерінің ортасында жүріп жатқан жайы бар.

Отанын жаудан қорғауға аттанған Қазыбекұлы Қасымбек соғыс қатты жүрген Курск доғасы мен Смоленск қанды майдан шайқасында 1943 жылы окопта жаумен атыста снарядтың сынығы оң аяғын тізеден жоғары жұлып алған. Әскери госпитальда бір жылға жуық емделіп, 1944 жылы көктемде протез аяқпен балдақ ұстап, елге оралған. Елге келісімен Қасымбек өте жауапты Әтембек тоғанындағы астық қоймасын ұстайды. Жылма-жыл егіс алқабынан жиналған ақ бидай өнімін пұт өлшем бірлігімен қоймаға қабылдап, колхоз жұмысшыларына еңбек күн есебінде беріп отырған. Қасымбек жалғыз аяқ балдақпен жүріп, қоймаға құйылған астықты жары Тиыштық екеуі тазалап, ақ бидай өнімін колхозшыларға еңбек күн есебіне беріп отырған. Тыңғылықты әрі ұқыпты атқарған ісіне ел-жұрты ризашылық білдіріп, «Қасымбек» қоймасы деген атақ берген екен. Бір мың тоғыз жүз елуінші жылы жұмысты адал, жақсы атқарғанын ескеріп, аудан басшылығы Қасымбекке тауық өсіруді міндеттейді. Әлі де болса ауыртпалықтан шаршап-шалдығып жүрген ауыл халқына тауық жұмыртқасы қосымша бір нәр бергендей болады. 1952 жылдың мамыр айында тоғанбасы, бригадирі болып еңбекқор диқаншы Хасенов Іңкәрбай тағайындалады. Бұрын еңбек жасаған Іңкәрбай басқа да диқаншылармен

бірге ұйымшылдықпен, асқан жауапкершілікпен атқарып, халықтың сеніміне ие болған екен. Өзен суын «Әтембек» тоғанымен егіс алқабына бөгетсіз жетуін қамтамасыз еткен бригадир Іңкәрбай бастаған диқаншылардың қажырлы, қайратты еңбектерінің нәтижесінде ақ бидай түсімінің көлемі жылма-жыл артып, халықтың несібесі арта түскен екен. Ақтоғай ауданы бойынша уақ 38 колхоз болса, 1950 жылы оларды үштен-төрттен біріктіріп, ірілендірген. Осы орайда Қусақ өңіріндегі Таң, Молотов, Береке, Қопа колхоздары біріктіріліп, «Молотов» колхозы болып аталған. Жылдар жылжып өте келе, Қусақ өңіріндегі тұрғындардың өзен бойындағы «Әтембек» тоғанында астық қоймасын ұстаған Қасымбектің үйі халықтың аудан орталығы Ақтоғай, Балқаш қаласына қатысып тұрулары үшін бекет болған. Ол уақытта барыс-келіс күш-көлік арқылы болғаны белгілі. Жолаушылар ат шалдырып ас ішіп, қайсыбірі бекетке қона жатып, баратын жеріне қатынасқан.

Сонымен, Қазыбекұлы Қасымбек жалғыз аяғымен балдаққа сүйене жүріп, 20 жылға жуық уақыт жылма-жыл қоймаға құйылған астық ақ бидайды тазалап, талан-таражға, ысырапқа жол бермей колхозшыларға еңбек күн есебінде беріп отырған.

Кеудесін оққа тосып, Отанын жаудан қорғап, ел-жұрты үшін аянбай, адал еңбек еткен Қасымбектің артында қызы – Қауан, ұлы – Қауазхан және немере-шөберелері бар. Сол сияқты тоғанбасы, егіс бригадасының бригадирі, диқаншы Хасенов Іңкәрбай көп жылдар бойы Тоқырауын ақ бидайын өсіріп, ел-жұрты үшін аянбай қажыр-қайратымен еңбек еткен қадірлі жандардың бірі болған. Колхоздың негізгі бағыты мал шаруашылығы болғандықтан, диқаншылықтан ауысып, Хасенов Іңкәрбай шопан ата таяғын ұстап, жары Күлмәш екеуі шопан болып, нәтижелі еңбек еткен.

Көнекөз қария үлкендердің айтуы бойынша Іңкәрбай – шаруақор, өте малсақ, жердің, малдың жағдайын жақсы түсіне білген жан. Аттың үстінде жүріп мал баққан ата-баба тәсілін қолданып, мал баға білген. «Мал өсірсең қой өсір, табысы оның көл-көсір» деп мал баққан ата-бабаларымыз айтқандай, баққан малы күйлі-қоңды болған, соның нәтижесінде мал өнімдерін мол өндірген, таяғы құтты шопан болған. Аудан бойынша озат шопан атанған. Осындай ерен еңбегі үшін ССРО Жоғарғы Советінің Жарлығымен Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Осы

жылдарда жары Күлмәш ақжаулықты, алтын құрсақты көпбалалы ардақты ана болған. Ел-жұртына еңбегімен сыйлы ардақты жандардың артында балалары, немере-шөберелері бар. Олар қоғамда әр салада еңбек етіп жүрген жандар. Жастайынан соқаға жегілген өгіздің басын жетектеп, диқаншылықпен шұғылданған Есілбаев Табылды Сәттібайұлы Қотан-бұлақ болысында 1934 жылы дүниеге келген. Табылды ақсақал болмысында ақкөңіл, ақжарқын, еңбекқор, көкірегі ояу, ел-жұртына қатысты тарихты жақсы білген, көріп-білгенін, естігенін және өзінің басынан өткерген қилы-қилы замандардағы ауыртпалығы мен қиыншылығын өңгімелеп айта білетін. Өзінің айтуы бойынша: әкесі Сәттібайдан үш жасында жетім қалған. Әкесі Сәттібай 1937 жылы жазықсыз жала жабылып, «халық жауы» деп елден алыстатылған. Елден кеткеннен кейін ешқандай хабар-ошар болмаған, яғни «халық жауы» деген статьямен атып тастаған болуы керек. Ақтар қашып, қызылдар құған заманда 1928 жылы байларға конфискация жасалып, малдарын тартып алып, шағын Артель құрылған кезең екен. Сәттібай сондай артельдің бірінде қой бағып, күнкөріс жасап жүрген кедей шаруаның бірі болған деседі. Сәттібайдың елдегі жақын ағайын-туыстары біраз жылдар өткеннен кейін хабар-ошар болмаған соң, жас бала Табылдыны ел ішіндегі белсенділер халық жауының баласы деп, қуғын-сүргінге түсірер деген қауіппен әкесінің атын атамай, белгісіз есімі Есілбай деген. Сонымен, құжатқа Есілбаев Табылды деп жаздырған.

Бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылы алапат соғыс басталып, жер-жерде ер-азаматтар соғысқа аттанады. Ауылдағы ауыр еңбек еңкейген қарттар мен еңбектеген балаға дейін жүктеледі. Жеті-сегіз жасынан бастап бала Табылды анасына көмекші болып, Тоқырауын өзені бойындағы «Әтембек» тоғанының қарын күреп, мұзын ойып, тоған арқылы судың егістікке кедергісіз келуін қамтамасыз еткен. Соқаға жегілген өгіздің басын жетектеп, анасы Тойбала соқамен жер жырттып, дән себуге жерді дайындаған. Дән себу науқаны аяқталғаннан кейін диқаншылар болып бірігіп, тоған арқылы өзен суымен егістік алқаптарын суарып, астықтан жылма-жыл мол өнім алуға қол жеткізген. Тойбала баласы Табылдының ынта-жігерімен тыңғылықты, дамылсыз атқарған жұмысына, еңбекқорлығына

(Жалғасы 7-бетте).

**(Соңы. Басы 6-бетте).**

**\*«Қарлы қыс-2023»**

риза болған анасы: «Жалғызым, жампозым, жан өзегім» – деп еркелететін болған екен.

Алапат соғыс аяқталып, халықтың еңсесі көтеріліп, әркім өз саласында еңбек етіп, қоңырқай тіршілікте жүргендеріне бір жылдың жүзі болып қалған уақыт еді. Яғни, 1946 жылдың көктемінде егіс алқабында еңбек етіп жүрген диқаншыларға егіс бригадирі алдағы төрт-бес күнде ауданнан уәкілдер келіп, істеген жұмыстарыңызды көреді, соқаға жегілген өгіздеріңізді шаршатып, болдыртып алмаңдар, – деп хабарландыру жасайды. Айтылғандай, бесінші күні үш адам келіп, егіс алқабында соқамен жер жыртып, малалап жүрген егіншілерге жеке-жеке жолығып жүрді. Келесі кезекте анам Тойбала екеуіміздің қасымызға келіп мән-жайды сұрап-біліп: «Мына бала кімнің баласы?» деген сұраққа «Менің балам, аты – Табылды» – деп анам жауап берді. «Өздеріңіз білетіндей, соғыстың аяқталғанына бір жыл толады. Осыған орай, аудан бойынша 9-шы май – Жеңіс күнін бәйгеге ат шаптырып, тағы басқа да ұлттық ойын түрлерінен жарыс өтеді» деп, өзін: «Мен Жантулақов Моншақбай деген кісі боламын, сен бала атқа шаба аласың ба?» – деп маған сұрақ қойды. «Шаба аламын» – деп жауап бердім. «Олай болса, менің көк айғыр деген жарысқа қосып жүрген атым бар, соған мініп шабатын боласың» – деп, мені анамнан сұрап алды. Айтылғандай, сәуір айының аяғына қарай мені Тоқырауын өзеніне құятын «Жіңішке» өзенінің жоғарғы сағасындағы «Төрелер» қорымында мал бағып отырған шопан ауылына алып келді. Кермеге байлаулы тұрған оншақты атты көзім шалды. «Жылқының сұлулығы – жал-құйрығында» дегендей, кермеде тұрған сүйегі ірі, жал-құйрығы төгіліп, өзіне сән беріп ерекшеленіп тұрған көк айғырға сүйсіне қарадым. Аттарды баптаушы үлкен ақсақал адам екен, көк айғырды маған бекітіп берді. Он бес күндей аттарды баптап жаратып, жарыс өтетін Ақтоғай ауданынан Қарағанды қаласына қарай жүретін бағытта орналасқан «Сәуле» колхозына келдік. Жарыс өтетін күні көк айғырдың иесі Жантулақов Моншақбай менің қасыма келіп: «Көк айғыр орнынан атыла жөнеледі, сенің салмағың жеңіл, кішкентай баласың, сондай кезде қорықпай, тақымыңды қысып отыр, еті қыза келе көсіліп шабады, атты қамшылап қатты қинама, сүйкелей, ақырын қамшылап отырасың», – деп кеңес берді. «Сәуле» колхозынан Ақтоғайға дейін 32 шақырым, бәйгеге 28 ат шабады, ешқайда бұрылмай, тіке шабатын боласыңдар», – деп шабандоздарға түсініктеме жасады.

Көк айғыр еті қыза келе көсіле сауып, алдында келе жатқан жеті-сегіз атты басып озып, бәйгеден бірінші келді. Көк айғыр бұрынғы жылдары өткен жарыстарда бірнеше мәрте бірінші келіп, жеңімпаз болған ат екен. Осындай тұлпар атқа мініп, бірінші болып келмеу мен үшін үлкен сын еді. «Аттың бәйгеден келуі, көп жағдайда шабандозға байланысты. Осы орайда бәйгеден бірінші келген шабандоздың аты-жөні – Есілбаев Табылды, 11 жаста, анасы Тойбала екеуі диқаншы болып еңбек жасайды. «Ақтұмсық» колхозының қарсы бетіндегі «Әтембек» тоғанымен өзен суын қырға шығарып, егіс алқабын суарады, жылма-жыл ақ бидайдан жақсы өнім алып жүрген еңбекқор жандар», – деп Моншақбай анам екеуімізді мақтады. Бәйгеден бірінші келгенім үшін анама деп ақ жаулық, көйлек-көншек, шәй-қант, маған киім-кешекті сыйға тартты. Сонымен, Жантулақов Моншақбай деген ер-азамат кім болған десек, халықпен бірге біте қайнасқан, соғыс жылдарында, одан кейінгі жылдарда ауыртпалық, қиыншылықтарды халықпен бірге көтерген, диқаншы, малшылармен аралас-құралас болып, аудан бойынша басшылық қызметте болған адам екен. Көзім көргендердің айтуы бойынша ат баптап, бүркіт, тазы ұстап, саятшылық құрған, үлкен, зор денелі, екі жауырыны қақпақтай, балуан болған деседі. Бұл кісінің өміріндегі есте қаларлықтай қызықты жайттарының бірі Қоянды жәрмеңкесінде күрестен жауырыны жерге тимей, үнемі жеңімпаз болып, атақ-даңқы жер жарған Рамазан атты балуанмен күрескені. Белдесуде Моншақбай Рамазанды жығып, бас жүлдені жеңіп алғанын 1950-1960 жылдары Қарқаралы өңірінің сол кездегі көнекөз қариялары, Моншақбайдың ерен қара күш иесі, балуан болғанын қызықтап, әңгімелеп айтатын болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында Ақтоғай ауданы бойынша 10 адам майдан қорына 1 миллион 666 мың сом қаржы жіберген. Соның ішінде Жантулақов Моншақбай 60 мың сом қаржы жіберген екен. Бала Табылды есейіп ержетіп, колхоз шаруашылығына мүше және жастар одағы комсомолға мүше болып қабылданып, анасымен бірге еңбек етіп, ғұмыр кешіп жүріп жатты. Соғыстан кейінгі уақыт қайғы-қасіреттің ауыртпашылық пен қиыншылықтың әлі де болса халықтың басынан түсе қоймаған кезең еді. Шалғайдағы Айыртас ауылы отгон болып, «Молотов» колхозына біріктіріліп, бұрынғыдай Ақтоғай ауданының құрамына енді. Осы кезеңде есімі ел ішінде белгілі қамқор жан Ұлы Отан соғысына қатысқан Аманбеков Қасабек деген азамат 1956 жылы колхозға басқарма болып тағайындалады. Халықпен жақсы тіл табысып, шаруашылықты жақсы басқарды. Ауыл шаруашылығында адам күші жетіспейтін шаруашылықты басқарып жүргізудің ең қиын кезеңі болатын.

Осы уақытта жарым Тілеумен отау құрғанмын, ал анам Тойбала немере сүйген еді. Сонымен, колхоз басқармасы маған жастар одағы комсомол мүшесі ретінде ең жауапты жұмыс шалғайда орналасқан, қары қалың түсетін, бораны мен аязы қатты, қысы ұзақ болатын, жері адамға да, малға да жайлы Айыртас отгонына шопан болуды ұсынады. 1958 жылы атакәсіп шопан таяғын қолына ұстатқан. Колхоз басқармасы ретінде маған қолдау көрсетіп, еңбегімді ескеріп, үнемі көмекке келіп отырды. Мен де жауапкершілікті сезініп, жастық жігеріммен еңбекке деген құлшынысым артып, мал басын аман сақтап, өнімділігін арттырып, жақсы нәтижеге қол жеткізіп отырдым. Қызу қайнаған еңбектің ортасында жүргенде анам Тойбала мен жарым Тілеу қолдау көрсетіп отырды. Айыртас азғантай ауыл болғанымен, отгон есебінде Қарағандыдан Ақтоғай арқылы аптасына екі рет, қыс кезінде аяғына шаңғы байлап, «АН-2» ұшағы шопандар қауымына деп хат-хабар, газет-журнал тасымалдап, ұшып келетін. 1960 жылдың қақаған қысы, ақпан айында «АН-2» ұшағымен аудан орталығы Ақтоғайға барып, комсомол мүшесі, жас шопан, жас отбасы ретінде аудандық комсомол комитетінің слетіне қатынастым. Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысының баяндамасында менің еңбек жолыма тоқталып, егінші болып ақ бидайдан жақсы өнім алғанымызды атап айтты. Қаршадай жас бала еңбекпен есейіп, ержетіп, отау құрып, бүгінде шопан болып табысты еңбек етіп, жастар одағының слетіне қатынасып отыр деп маған үлкен құрмет-қошемет көрсетіп, аудандық «Промкомбинат» жасаған сандықты сыйға тартты. Осылай ерекше сый құрметке бөленуім колхоз басқармасы Аманбеков Қасабектің еңбегімді жоғары бағалауында еді. Еңбек жолымда осындай әділ, іскер басшымен бастағанымды қуанышпен еске алып, мақтан тұтамын деп әңгімелеп отыратын. Сонымен қатар, колхоз басқармасы «Промкомбинат» арқылы үйшілер жасаған үш қанат кереге, уық, шаңырақ жасатып берді. Үш қанат қараша үйде тұрушы едік. Үш жылдай шопан болып еңбек жасағанымда анам мен жарым киіз басып, үй жабдықтарын жасап алған болатын. Соның нәтижесінде қараша үйім, жазда жайлауда тігетін жұмыртқадай аппақ бес қанат кигіз үй болып шыға келді. Әрине, күш-қайратпен қажымай-талмай жасаған еңбектің нәтижесінде адам баласы әл-ауқатын, тұрмыстық жағдайын жақсартуға мүмкіндігі болатындығына көзім жетті. Сонымен, Табылды ұжымшарда, кеңшарда ұзақ жылдар шопан болып жақсы еңбек жасап, үнемі озаттар қатарында болған. Отбасылық жағдайына байланысты Қоңырат руднигіне қоныстанып, карьерде жұмыс жасап, тыл және еңбек ардагері атанып, зейнеткерлікке шыққан.

«Жақсы қартая білген де – үлкен өнер» демекші, еңбегінің рахатын көріп, жақсы қартайып, ұзақ жасаған, мешітке барып бес уақыт намаз оқып, ораза ұстаған адам. Ислам дінін уағыздап, халық арасында салиқалы, сауатты діни насихаттар жүргізген. «Отанды сүю – иманнан» деген қағиданы берік ұстанған жан. Қартайған шағында қызы Нұргүл әкесін жас балаша күтіп тәрбиелеп, 88 жасқа қараған шағында ақтық сапарына шығарып салды. Ел-жұрты, балалары, ағайын-туыс құда-жекжаттары, көзін көргендері 2022 жылы 24-ші қаңтарда мәңгілік мекені Қоңырат қорымына арулап жерледі. Артында 88 жасқа келген бәйбішесі – Күлпаран, балалары, немере-шөберелері бар. Осы орайда ежелден мекендеген жері адамға да, малға да жайлы болған, бұрын елінің, жерінің байлығымен белгілі болған Құсақ өлкесі Кеңес үкіметі тұсында ақ бидай, қожабидайымен әйгілі болса және мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген өлке. Осылайша, Құсақ өңіріндегі төрт колхоздың өркендеп дамуына ауыл адамдары ерекше еңбек еткен. 1943 жылы Қазақ КСР Алтын кітабына аттары алтын әріппен жазылған Бағила Жөкина, Нәзікен Есенқұлова, Тиышбала Жүнісова, сондай-ақ, колхозшылар Нұрилла Сардарбекова, Қоңырша Қосымбаева, Төлеу Тохметова, Күләнда Бөлемісова, Ғазиза Орманбаева, Кәукербек Адамбаев, бармағынан бал тамған сауыншылар Ағлипа Өмірсерікова, Күлмара Қазанғапова Сарман қой фермасын басқарған болса, Аққыз Сқақова, тағы көптеген есімдерді ел есінде сақталған тыл ардагерлері болған. 1930 жылдардан еңбек етіп, елеулі із қалдырған азаматтардың ішінде арба-шана, соқа, күрек сайман, орақ жасаған ұста шеберлері Сатен ұста, Сатен баласы Қаби ұста, Зергер ұста, Үкімжанов Омаш, Құтжан ұста, Қажыкәрім Қалиев деген шебер ұсталар болған. Халық бұл кісілердің шеберлігіне тағзым етіп, киелі қара дүкен ұстаған, ұста шеберлері деп атаған.

Сонымен, жер тарихы, ел тарихы десек, сол тарихты жасаушы – адамзат баласы. Сондықтан, өткен ата-бабаларымыз бен аналарымыздың көрген қайғы-қасіреттерін, қиыншылықтары мен ауыр еңбектерін кейінгі ұрпақ біліп, айта жүрсе деген жағдай. Осы мақаланы жазудағы мақсатым, өткеннің өшпес өрнегі Ақтоғайдың ақ бидайы мен Тоқырауын өзені және өзен жағалай отырған халықтың тағдырын кейінгі ұрпақ біліп өссе деймін.

**Өмірбек Ерменбет,**  
**зейнеткер,**  
**Балқаш қаласы.**

## **Сайыс өтті**

**Президент Қ.Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді. Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды. Спорт инфрақұрылымдарының балалар үшін барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шыңына шығатын пирамидаға айналуы тиіс. Бұл салауатты әрі белсенді жастардың, түгтеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалыптастырады», – деп атап өткен еді.**

**Президенттің бұл пәрмені еліміздегі спорт саласының негізгі факторына айналды. Аталмыш Жолдаудың негізінде спорттың бұқаралығын арттыру үшін ауқымды жұмыстар жүзеге асып жатыр. Ақпан айының 4-і күні өткен «Қарлы қыс-2023» қысқы спорт түрлерінен ауыл спортшылары арасындағы облыстық спартакиададың аудандық кезеңі жоғарыдағы сөзіміздің жанды дәлелі. Ақтоғай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің қадағалауымен өткен сайысқа ауданымыздың 9 ауылдық округінен келген командалар қатысты. Спортшылар шаңғы эстафетасы және белтемірге тартылу бойынша бақ сынасып, сонымен қатар, шын мергенді анықтады. – Спорт қоғам алдына үлкен міндеттер қойып отыр. Соның ішінде маңыздысы – дене шынықтыру мен спорттық даярлыққа қолайлы мүмкіндіктер туғызу. Осы арқылы барлық жастағы адамдардың спортпен шұғылдануына жағдай жасау. Бұл – осы мақсаттарды көздеген облысымыздағы бәсі биік спорттық сайыстардың бірі. Барлық қатысушыларға сәттілік тілейміз, – деді аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы А.Кішкентаев. Ұзақты күнгі спорттық бәсекеде бағы мен бабы қатар шапқан Кежек ауылының командасы І орынға ие болды. Ал, Қараменде би ауылының спортшылары ІІ орынға табан тіресе, Қызыларай ауылының командасы ІІІ орынды қанағат тұтты.**

**Е.Темірхан.**

## Құттықтаймыз!

Аяулы ана, ардақты әже, камқоршы тірегіміз  
**Қалияқпарова Баян Метжанқызы!**



Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 85 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз осы мағыналы ғұмырдағы биік белеске жарқын көңілмен келіп, өмірдің талай асуларынан табысты өтіп, үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйер ардақты анасы болып отырсыз. Сізге зор денсаулық, мол бақыт, отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға береке тілейміз. Балаларыңызбен бәйтеректей жапырағыңыз жайқала берсін. Алланың берген жасын жасай беріңіз, өмірдегі көрер қызықтарыңыз тек зейнетті болсын. Бала-шағаның қызығын қызықтап, немере-шөберелеріңіздің шат күлкісіне тоймай, арамызда аман-сау жүре беріңіз.

Болғандай тіршілікте бағың бала,  
Ұл-қызың өмірдегі тауың дара.  
Солардың қызығына куә болып,  
Аман жүр ортамызда, ауырма, ана!  
Бекітіп шөбереннің бұғанасын,  
Той болсын әлі талай ұлан-асыр,  
Қызықтап сол тойларда отырсыншы,  
Қазақтың қарапайым бір анасы!

**Құттықтаушылар:** балалары, күйеубалалары, келіндері, немерелері, жиндері, шөберелері.

## Құттықтаймыз!

Құрметті жиніміз  
**Сүйіндіков Еркін Қайыркүлұлы!**



Сізді мерейлі 50 жасқа толған туған күнііңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, қажымас қайрат пен мол бақ-береке тілейміз. Әрқашанда өміріңіз көктемдей жарқын, жаздай жылы, күндей шуақты болсын. Әрдайым отбасыңыздың ақылшысы, балаларыңыздың камқоршысы, жақындарыңыз бен туғандарыңыздың жанашыры болып жүре беріңіз.

Құтты болсын мерейтой – 50 жасын,  
Әуақытта домалап өрге тасын,  
Қосағынмен қоса ағарып, шөбере сүй,  
Ешқашанда көңіліңді кір шалмасын.

**Ақ тілекпен:** нағашылары – Төлеу, Амантай-Нүргүл, Қуандық-Гульрайруз, Сүйіндік-Ләззат.

## Құттықтаймыз!

Құрметті **Жандығұлов Нұрлан Үрімжанұлы!**

Сізді 63 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, қажымас қайрат тілейміз. Зейнет жастың қызығы мен рахатын көре беріңіз. Назигүл екеуіңіз бір жастықта қартайып, қолдарыңызда отырған аналарыңыздың жасын берсін, немереден шөбере сүюді Алла нәсіп етсін.

Туған күн, құтты болсын мерекеніз,  
Мұхиттай шалқи берсін берекеніз.  
Аман боп отбасыңыз, бақыт орнап,  
Кеңейсін қанат жайып керегеніз.

**Тілек білдірушілер:** Сағат-Бақытгүл, Мағзұм-Салтанат, Сәкен-Саягүл, Берік-Зәуре.

## Құттықтаймыз!

Әулетіміздегі құрметті бауырымыз **Жандығұлов Нұрлан Үрімжанұлы** 63 жас – зейнеткерлік жасымен құттықтаймыз! Мол бақыт, зор денсаулық, жемісті еңбек, отбастарыңа амандық, арайлап атқан тандарың бақыт сыйлап, бәйтерекіміз Күлмара жемемізге камқор болып, батасын алып, немере-шөбере бақытына бөлеп отырған сәндерге рахметімізді айтамыз. Ағайын-туғандардың құрметіне бөленіп, бала-шағаның қызығын көре берулеріне тілектеспіз. Алланың берген жасын ауырмай-сырқамай, 100 жасап, бақытты ғұмыр кешулеріңе тілектеспіз.



Құтты болсын 63 жасыңыз,  
Жақсылықпен қуаныштан тасыңыз.  
Ел-жұрттың ортасында аман-сау,  
Күліп-ойнап 100-ге келсін жасыңыз.

**Құттықтаушылар:** Берікбол-Аманкүл, Кеңжегүл, Әлихан, Ерхан, Қалижановтар әулеті.

## Құттықтаймыз!



Асқар таудай әке, немерелеріңе сүйікті ата, асыл жар **Нұрлан Үрімжанұлы!**

Зейнеткерлік өрі Пайғамбар жасы 63-ке басқан қадамыңыз құтты болсын! Сізге өмірдің бар бақыты мен шаттығын тілеп, әрбір күн, атқан таң тек шырайлы шуақ, таусылмас ырыс әкелсін. Жеткен белес, бағындырған осынау асуда елеулі еңбегіңіздің, төккен маңдай теріңіздің тек шарапаты мол зейнетін көруді нәсіп етсін. Алланың берген жасын жасап, ауырмай-сырқамай ортамызда жүре беріңіз.

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан,  
Жалғанда тілек бар ма одан асқан.  
Аман боп жанұяң мен туыстарың,  
Жалғасың ақ тандарың нұрын шашқан.  
**Ақ тілекпен:** анасы – Күлмара, балалары – Нұржан-Әсел, Ержан-Айнұр, немерелері – Аяна, Алiza, Санжар, Заңғар, Айсұлтан, Мансұр, Томирис, осы тілекке анамыз Назигүл де қосылады.

## Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, нағашымыз **Нұрлан Үрімжанұлы** 63 – зейнеткерлік жасқа толған мерейтойымен құттықтай отырып, мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасы бақытын, немерелеріңіз қызығын көруіне тілектеспіз. Ұзақ жылғы абыроймен атқарған темір тұлпарды тізгіндеген еңбегіңнің жемісін көр. Өр күндерің жақсылықтармен қауышып, жасыңа жас қосылып, ырыс-несібең арта берсін!



Жиып алып бойыңа бар күшіңді,  
Тұлғаң бар батырлардай нар мүсінді.  
Туған-туыс, дос-жаран арасында,  
Тойлашы, бір шапшылып алпыс үшінді!

**Ізгі ниетпен:** Қуаныш ауылындағы жинің – Женис-Майра.

## Құттықтаймыз!

Құрметті де қадірілі,  
жүрегі жайсаң құдағиымыз  
**Мұхтарбекова Зәмзәгүл Советқызы!**



Арайлы да асқаралы 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Осы қадір-қасиетіңізбен асқақтаған абыройыңыз аласармай, құда-жекжат, дос-жаран, туған-туыстар арасында сый-құрметке бөленіп жүре беріңіз. Ең бастысы, құда екеуіңіз үлгілі ұрпақ тәрбиелеп өсірдіңіздер. Болашақта біріңіз ақсақалды ата, біріңіз ақсаулықты өже болып, немереден шөбере, шөпшек сүйіп, 100 жасқа жетіп, өдемі қартайыңыздар. Алланың берген жасын жасап, кісілік келбеттеріңізден танбай, несібе-дәулеттеріңіздің арта беруіне ақ тілегімізді білдіреміз!

Өмірден басқа бақты сұрамайың,  
Елміз ғой жасайтуғын құда жайың.  
Бүгінгі мерекеніз құтты болсын,  
Алла қосқан алтындай құдағиым.

**Ізгі ниетпен:** құда-құдағиы – Есентай-Зәбира, Алмаз-Айман және немерелері.

## Құттықтаймыз!

Құрметті **Иманбекова Гүлнар Шәмелқызы!** Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!



Осы таңда адам өмір жолының асқар биігі – алпыстың шыңына шығып отырсыз. Бұл жасқа өміріңіз қуатты, көңіліңіз шуақты қалпыңызда жеттіңіз! Осындай қарқыныңыздан қалмаңыз, шабысыңыздан танбаңыз. Олай болса, алпыстың асуынан асып, жетпіске аяқ басқан шағыңызда да көзіңізден от кетпесін, жүрегіңізден жылу кетпесін. Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз. Шығар шыңдарыңыз әрқашанда биік болғай.

60 жас мерейтойың құтты болсын,  
Дос-жаранмен әрқашан орта толсын.  
70, 80, 90 мен 100-ге жетіп,  
Басыңызға Қызырдың бағы қонсын.

**Игі тілекпен:** Төлеу, Мейрамгүл, Болат-Күміс, Болат-Бақша, Коля-Зәмзәгүл.

## Құттықтаймыз!



Құрметті **Мұхтарбекова Зәмзәгүл Советқызы!**

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Алпыс – тал тұс. Алда өлі талай асулар мен белес-белдер бар. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңіздің саулығын, отбасының амандығын, қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықпалы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз. Тек қана туған күніңізде ғана емес, әр күн сайын біз сізге шын жүректен әлемнің бар асылың, жақсылығын, қуанышың, байлығын тілейміз. Ақ қанат армандарыңыз биікке самғап, өміріңнің көгінен орын ала берсін. Шынайы бақыт несі болуыңызға тілектеспіз. Абыройыңыз асқақтай берсін дей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз.

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,  
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.  
Бала-шаға қызығына кенеліп,  
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

**Ізгі тілекпен:** Мейрамгүл, Төлеу, Дана, Болат-Күміс, Болат-Бақша, Асқар-Гүлнар, Қайрат-Раушан.

**Құрылтайшы:** ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

**Редактор:** Г.ЕЛЕУСИЗОВА

**Меншік иесі:** “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

**Тіркеу куәлігі:** №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

**Жауапты хатшы:** Думан Қабыл

**Кезекші редактор:** Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй.

**Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.**

**Таралымы 1020 дана**

**Мекен-жайымыз:** 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үйі.

**Телефондар:** редактор: 2-18-81,

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



**Электрондық пошта:** aktogai\_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

